

Мұсатаев С.Ш.¹, Мейранов С.А.²

¹с.ғ.д., профессор, e-mail: mceka mceka@mail.ru

²«Саясаттану» мамандығының 4 курс студенті

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ – АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен еліміз қоғамдық сананы рухани жаңғыртуды жүзеге асыруда. Рухани жаңғыру көп салалы құбылыс, қоғам өмірінің түрлі бағыттарын, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ұлттық мүддені қорғау сияқты маңызды мәселелермен тығыз байланысты. Ғылыми-зерттеудің мақсаты – Қазақстанның демографиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді рухани жаңғыру мен адами капиталды дамытудың негізі ретінде талдау. Жұмыстың ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы – қазіргі өзекті саяси мәселелердің қатарына Қазақстанның демографиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, рухани жаңғыруға ықпал ету жатады. Өйткені, рухани жаңғыру ішкі-сыртқы көші-қонның қызу үдерісі жағдайында жүруде. Бұл мәселені саясаттанулық зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы күмән тудырмайды. Зерттеудің әдіснамалары салыстырмалы және жүйелі, контент және ивент талдауларға негізделген. Зерттеудің нәтижелері мен қорытындылары: Қазақстанның демографиялық қауіпсіздігі мен рухани жаңғыруының өзара байланысын, мәселелері мен ерекшеліктерін танып-білу, ғылыми нәтижелері рухани жаңғыру аясындағы адами капиталды дамытуға көмектеседі. Зерттеу жұмысының маңыздылығы – Қазақстанның демографиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өзіндік үлес қосады.

Түйін сөздер: рухани жаңғыру, демографиялық қауіпсіздік, көші-қон, адами капитал.

Musataev S.Sh.¹, Meiranov S.A.²

¹Doctor of Political Sciences, Professor, e-mail: mceka@mail.ru

²4 th year student

al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

Demographic Security of Kazakhstan – the basis for the development of human capital

At the initiative of the President of the Republic of Kazakhstan NA. Nazarbayev, our country is realizing the modernization of public consciousness. Spiritual modernization of society is a multifaceted phenomenon, it is closely connected with many spheres of public life, and also is connected with such important problems as ensuring national security, protecting national interests. The purpose of the research work is to analyze the demographic security of Kazakhstan as the basis for the development of human capital and spiritual revival. Scientific and practical significance of the work - the provision of demographic security of the country occupies a special place among modern political problems, this factor also influences the spiritual revival of Kazakhstan. Because, spiritual revival is taking place in conditions of active internal and external migration of the population. The theoretical and practical significance of the political study of these problems is beyond doubt. The research methodology is based on system, comparative, content and event analyzes. Results and results of the research: identification of problems and features of Kazakhstan's demography, its relationship with the spiritual modernization of society, scientific results help to develop human capital within the framework of spiritual revival.

The value of the research - contributes to the provision of demographic security in Kazakhstan.

Key words: spiritual revival, demographic security, migration, human capital.

Мусатаев С.Ш.¹, Мейранов С.А.²

¹д.п.н., профессор, e-mail: mceka@mail.ru

²студент 4 курса

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Демографическая безопасность Казахстана – основа развития человеческого капитала

По инициативе Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева наша страна реализует модернизацию общественного сознания. Духовная модернизация общества – многоаспектное явление, тесно связанное с многими сферами общественной жизни, а также с такими важными проблемами, как обеспечение национальной безопасности, защита национальных интересов. Цель научно-исследовательской работы – анализ демографической безопасности Казахстана как основы развития человеческого капитала и духовного возрождения. Научная и практическая значимость работы – в числе современных актуальных политических проблем особое место занимает обеспечение демографической безопасности страны, данный фактор также влияет на духовное возрождение Казахстана. Потому что духовное возрождение идет в условиях активной внутренней и внешней миграции населения. Теоретическая и практическая значимость политологического исследования этих проблем не вызывает сомнений. Методология исследования основана на системном, сравнительном, контент- и ивент-анализе. Результаты и итоги исследования: выявление проблем и особенностей демографии Казахстана, ее взаимосвязь с духовной модернизацией общества, научные результаты помогают развивать человеческий капитал в рамках духовного возрождения. Ценность проведенного исследования – вносит свой вклад на обеспечение демографической безопасности Казахстана.

Ключевые слова: духовное возрождение, демографическая безопасность, миграция, человеческий капитал.

Кіріспе

Қалыптасқан саяси дәстүр бойынша, Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты ел халқына арнаған жаңа Жолдауында еліміздің даму басымдықтарын анықтап берді. Биылғы Жолдаудың «Адами капитал – жаңғыру негізі» деп аталатын жетінші басымдығы білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік даму сияқты халықтың тұрмыс-тіршілігімен тікелей байланысты стратегиялық маңызды мәселелермен тығыз байланысты (Апсеитов, ,,,,,,). Адами капиталды дамыту мен демографиялық хал-ахуал бір-бірімен тығыз байланысты әрі өзара тәуелді. Егер елдің демографиялық хал-ахуалына төнетін қауіп-қатерлер артса, ол елдегі адамдардың өмір сүру деңгейі мен сапасы нашарлайды, мұндай жағдайда адами капиталдың қандай нашар күйге түсетіні айтпаса да түсінікті.

Зерттеу жұмысының әдістемесі

Ғылыми мақаланың тұжырымдамалық-әдіснамалық негіздерін демографиялық қауіпсіздік туралы классикалық тұжырымдамалар, саяси өмірдегі демографиялық және миграциялық процестер жөніндегі әлемдік және отандық зерттеушілердің еңбектері құрайды. Жұмыс ба-

рысында тарихи бірізділік, жүйелілік, салыстыру, құрылымдық-қызметтік, саясаттанулық талдау жасау, сараптамалық бағалау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Зерттеудің әдістемесін салыстырмалы және жүйелі, контент және ивент талдауларға негізделген. Сонымен қатар зерттеу әдістері ретінде жалпығылыми саналатын ішкі біртұтастық, қисынды бірізділік, индукция және дедукция, хронологиялық, ретроспективті әдістер қолданылды.

Нәтижелері және талқылау

Демографиялық қауіпсіздік мәселесінің өзектілігіне байланысты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында еліміз бен өңіріміз үшін аса маңызды он негізгі сын-қатерді бөліп көрсетті. Солардың ішінде екінші сын-қатер – жаһандық демографиялық теңгерімсіздік деп көрсетілген (Назарбаев, 2018:2). Оның мәні былайша тұжырымдалған: жаһандық демографиялық теңгерімсіздіктің әлемдік тренді – адамзаттың қартаюы. Енді 40 жылдан кейін алпыс жастан асқан адамдардың саны 15-ке толмағандардан асып түседі. Туудың азаюы және адамзаттың қартаюы көптеген елдерде еңбек нарығындағы проблемаларға, атап айтқанда, еңбек ресурстарының жетіспеушілігіне сөзсіз

әкеледі. Шиеленіскен демографиялық теңгерімсіздік жаңа көші-қон толқындарын туғызып, күллі әлемде әлеуметтік шиеленісті күшейте түседі. Мұндай көші-қон қысымын Қазақстан қазірдің өзінде сезінуде. Дегенмен, Қазақстан халқының орташа жасы – 35 жас. Бұл біздің адами капиталды сақтауға, әлемде өзіміздің дұрыс орнығуымызға зор мүмкіндік береді. Бүгінгі күні алға жылжуға бізде жақсы негіз бар (Назарбаев, 2012:1). Қазақстан жастары оқуға, жаңа ғылым-білімді игеруге, жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға тиіс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің (ҚР ҰЭМ) Статистика комитеті мәлім еткендей, Қазақстанның халық саны 2017 жылғы 1 қыркүйектегі көрсеткіш бойынша 18 074,1 мың адамға жеткен. Соның ішінде қалалықтар – 10 367,4 мың (57,4%), ауылдықтар – 7 706,7 мың адамды (42,6%) құрады.

ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің төрағасы Нұрболат Айдапкелов жаңадан қосылған онлайн есептеуіш 2021 жылы елімізде тұрғындар саны 19 миллионға жететінін көрсетіп тұрғанын айтты: «Шамамен 2021 жылдың бірінші жартысында Қазақстан халқының саны 19 миллионға жетеді», – деді төраға халық санының есептеуішті таныстыру сәтінде (Айдапкелов, 2018:3).

Алайда, Қазақстанда халық саны көбейгенімен, демографиялық ахуал нашарлап отыр. Демографиялық жағдайға жағымсыз әсер етіп отырған факторлар көп: көші-қонның кері сальдосы, техногендік апаттар және антропогенді факторлар, табиғи төтенше жағдайлар нәтижесінде болатын өлім-жітімнің көптігі, түрлі аурулардың таралуы, девиантты мінез-құлықтың теріс әсері т.б. Басқаша айтсақ, демографиялық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерлер жетерлік.

Демографиялық қауіпсіздік – ұлттық қауіпсіздіктің аса маңызды салаларының бірі. Бүгінгі таңда ұлттық қауіпсіздіктің тиімділігі тек қана әскери күш-қуаттың шеңберінде ғана емес, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық, демографиялық, ақпараттық, саяси құқықтық және адамның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүддесі мен талап-тілегіне қатысты өзге де қарама-қайшылықтар дер кезінде қалай шешімін тауып отыратындығына тікелей байланысты болып отыр. Осыған орай, 1998 жылы 26 маусымдағы «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы қабылданып, онда ол төмендегідей жіктелген: а) сыртқы қауіпсіздік; ә) әскери қауіпсіздік; б) ақпараттық қауіпсіздік; в) қоғамдық қауіпсіздік; г) эко-

логиялық қауіпсіздік; д) экономикалық қауіпсіздік.

Ал 2012 жылғы 6 қаңтарда № 527-IV «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы қабылданды.

Аталған екі заңды өзара салыстыратын болсақ, 1998 жылы 26 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңында **ұлттық қауіпсіздік** «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі – елдің ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі» делінсе, 2012 жылы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңында былай анықтама беріледі: «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі – адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің серпінді дамуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі» (Дукеев, 2013:4). Бұл жердегі ерекшелік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің субъектілері нақтыланған.

Жалпы, қауіпсіздік ұғымы алғаш рет 1940 жылдардың соңы мен 1950 жылдардың басында АҚШ-та кең қолданысқа ие бола бастады. 1947 жылы АҚШ-та «Ұлттық қауіпсіздік туралы заң» қабылданып, соның негізінде қауіпсіздік мәселелерімен айналысатын Қорғаныс министрлігі, Орталық Барлау Басқармасы және басты әскери – саяси орган – Ұлттық қауіпсіздік кеңесі құрылды. Кейін «қауіпсіздік» ұғымы НАТО құрылымдары қызметінде де қолданыла бастады. Осы кезеңнен бастап халықаралық қауіпсіздік пәні АҚШ-тың жоғарғы оқу орындарындағы университеттік бағдарламаның міндетті түрде оқытылатын арнайы курсына айналып, мемлекет қаржысының есебінен аталмыш тақырыппен айналысатын ғылыми-зерттеу орталықтары ашыла бастады. Ұлттық қауіпсіздік мәселесіне арналған белгілі саясаттанушы ғалымдар Г. Моргентаудың, К. Уолцтың, Р. Нибурдың, К. Томпсонның, Р. Аронның тырнақ алды еңбектері жариялана бастады. Осы себепті қауіпсіздік мәселесін тұңғыш рет теориялық тұрғыда негіздеп, методологиясын жасау толығымен батыстық ғалымдардың үлесіне тиесілі екендігін мойындау қажет (Бердіғалиева, 2014:5).

Енді, демографиялық қауіпсіздікке ықпал ететін факторларға қысқаша тоқтала кетсек, ең алдымен, әрине, елімізде көші-қонның кері сальдосы орын алып отыр. 1990-2000

жылдар аралығында төрт миллионға жуық адам шетел асты. Нақты айтсақ, 1990 жылы Қазақстан халқы 16 690 000 болса, 2001 жылы 14 800 000 адамға азайғаны белгілі (Мустафаев, 2003:9). 2000 жылдардың ортасына таман баяулаған эмиграциялық ағын соңғы кездері қайта жандана бастады. Мысалы, соңғы жылдардағы Қазақстаннан шетелдерге кеткен эмигранттардың санының өсу қарқыны байқалуда.

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің мәліметіне сүйенсек, 2017 жылдың қаңтары мен қарашасы аралығында Қазақстанға 14 528 адам келген, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 21,2% артық. Ал Қазақстаннан шетелдерге кеткен адамдар саны 35 158 жеткен, бұл көрсеткіш 2016 жылмен салыстырғанда 8% өскен. Миграцияның теріс сальдосы – 20 630 адам. Қазақстанның негізгі көші-қон қатынастары ТМД елдері болып отыр. ТМД-ға кеткен қазақстандық эмигранттардың үлесі 89,5%, ал ТМД-дан Қазақстанға келген иммигранттар үлесі 71,4% (Садырова, 2017:3).

2017 жылдың 1 желтоқсанында Қазақстан халқының саны 18,1 млн адамға жетті. Оның 10,4 млн қала тұрғындары, ал 7,7 млн ауыл тұрғындары. Бір жыл бұрынғы көрсеткішпен салыстырсақ, халық санының өсімі 1,3% болған, яғни, қазақстандықтар 231,3 мың адамға көбейген. Отандық азаматтық хал актілері органдарының мәліметі бойынша, 2017 жылы қаңтар-қараша айларында 359,6 сәби дүниеге келген, бұл 2016 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 4,9% аз. Бала туудың жалпы коэффициенті 1000 адамға шаққанда 21,78 сәби болған. Есептік кезеңде Қазақстан халқының табиғи өсуі 16,9 мың адамға немесе 6,6 % төмендеп, 239,8 мың адамға түскен. 1000 адамға шаққандағы табиғи өсім 14,52 адамға тең болған.

Саясаттанушы ғалым Болат Сұлтанов статистикалық деректерге сүйене отырып, 2016 жылы республикамыздан 34965 адам кеткен, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 16,4 % көп екенін айтады. Оның ішінде Ресейге кеткендер саны 28 677 адам, Германияға – 2 637 адам, Белорусияға – 393 адам, АҚШ-қа – 228 адам, в Польшаға – 173 адам, Канадаға – 168 адам. Көріп отырғанымыздай, олардың көпшілігі көрші Ресейге кеткен, ал Ресейге сырттан келетін барлық иммигранттардың 11% Қазақстанға тиесілі. Сонымен қатар, Ресей азаматтығын алатын қазақстандықтардың да саны артқан. Егер 2015 жылы 32 мың қазақстандық Ресей азаматтығын алса, 2016 жылы – мұндай адамдардың саны

38 мыңға жеткен. Осының нәтижесінде зиялы қауымның шетелдерге жылыстап кетуі («утечка мозгов») тоқтаусыз жүруде. Елімізден білімді де білікті мамандар шетелдерге кетуде, ал шетелдерден келіп жатқан оралмандардың қатарында білімі мен біліктілігі жоғары мамандар болғанымен, олар жоғалтқан интеллектуалдық әлеуетіміздің орнын толтыра алмайды (Султанов, 2017:1).

Finprom талдамалық агенттігінің мамандары жүргізген зерттеу бойынша, 2017 жылдың 9 айы ішінде Қазақстаннан 5 мың инженер, 2700 экономист және 1700 мұғалім шетелдерге көшіп кеткен. Осы уақыт ішінде Қазақстанға сырттан 990 техникалық қызметкер, 627 экономист және 537 педагог мамандар келген (Апсеитов, 2017:3).

Қазақстандық сарапшылардың (Айдос Сарым, Замир Қаражанов, Гүлмира Илеуова т.б.) 365info.kz интернет порталында жарияланған пікірлеріне сүйенсек, Қазақстан халқының құрамындағы орысша сөйлейтін өзге ұлт өкілдерінің 60%-ға жуығы потенциалды мигранттар екен. Орыс тілділердің жарымына жуығы «чемоданды көңіл-күйде» жүргендер, ерте ме, кеш пе Қазақстаннан шетелдерге кетуді көксеп жүргендер. Ал қалған бөлігі болса, басқа күн туса, қажеттілік пен мүмкіндік сәйкес болса қандай елге бас сауғалап кетуді ойластырып жүр. Орыс тілді қазақстандықтардың қалған 40%-ы ғана өздерінің тағдырын Қазақстанмен байланыстырып, өз отаным деп санайды екен. А. Сарымның көрсетуінше, Қазақстаннан сыртқа кетушілердің саны артуы демографиялық қауіпсіздікке мынадай қауіп-қатерлер төндіреді: біріншіден, көптеген кәсіби мамандардан айырыламыз, яғни, халықтың сапалық құрамы нашарлайды. Екіншіден, әрбір миграция өз кезегінде миграцияның жаңа толқынын туындатады (күрбы-күрдастарының шетелге кетіп жатқанын көрген жастар да соларға қарай тартыла бастайды). «Стратегия» әлеуметтанулық және саяси зерттеулер орталығының президенті Гүлмира Илеуованың жүргізген зерттеулері бойынша, 2016 жылы Ресейге кеткен қазақстандықтардың ішінде зейнеткерлікке жақын қалған егде жастағы адамдар көп екен. Өйткені, Ресейде зейнеткерлікке шығу жасы Қазақстанға қарағанда ертерек, зейнетақы жоғары, әлеуметтік қамсыздандыру жақсы. Г. Илеуова Қазақстандағы сыртқы миграцияның артуына қатты алаңдаудың қажеті жоқ, оның оң немесе теріс әсері байқала қоймайды деп есептейді. Бұл қалыпты мәселе, әлем бойынша миграция үдерісі тоқтаусыз жүруде, ең басты-

сы қазақстандықтар шетелдерге саяси немесе идеологиялық себептермен қоныс аударып жатқан жоқ. Олар негізінен өздеріне жайлы мекен, құтты қоныс іздеп, арман қуып, өз мақсат-мүдделерін жүзеге асыру үшін көшіп жатыр деп ой түйеді (Киселева, 2017:2).

«Евразия» гуманитарлық зерттеулердің ғылыми-зерттеу орталығының директоры Зиябек Кабулдинов Қазақстандағы миграциялық процестерді талдай келе, ішкі және сыртқы миграциямен байланысты өзара тәуелді екі процеске назар аударады. Біріншіден, солтүсік облыстардағы «орыс тілді» азаматтар көршілес Ресейге қоныс аударуда, екіншіден, халық тығыз қоныстанған Қазақстанның оңтүстігіндегі қазақтар және шетелдерден келген оралман этникалық қазақтар солтүстік аймақтарға көшіп барыпқоныстануда. Соныңнәтижесінде солтүстік облыстардағы демографиялық дағдарысқа ұрынбаймыз. Ресейде бұған қоса аналық капитал (бала туған анаға ашылатын банктегі есеп-шот) мектеп бітірушілердің перспективалары, еңбек нарығы да қазақстандықтарды қызықтырады. Тіптен, Ресейдің жоғары оқу орындарында оқып жүрген қазақстандық жастардың саны 70 мыңға тақау. Үш тұғырлы тіл саясаты, Ұлттық бірыңғай тестілеудің әлегі, ақылы білім алудың қымбат болуы сияқты факторлар қазақстандық жастардың Ресейге қоныс аударуына, білім алу үшін ағылып баруына қосымша ықпал етуде (Илеуова, 2017:2). Осы жерде туындайтын өткір сұрақ – Ресейде білім алып жатқан жастар кейін толығымен елімізге орала ма? Олардың басым бөлігі Ресейде қалып қалса, енді бір бөлігі шетелге кетіп, аз ғана бөлігі атамекенге оралмай ма деген қауіп басым. Тағы да отандық адами капиталымыз жас әрі білімді жастардан айырылайын деп тұр.

Екінші, үшінші немесе одан да көп бала туған, немесе бала асырап алған аналарға мемлекеттік қолдау көрсетуді Ресей 2007 жылдан бастап қолға алған. 2007 жылы мұндай көмектің көлемі бір балаға 250 мың рубль болса, инфляцияны есепке ала отырып, 2017 жылы 453 мың рубльге жеткен. Қазіргі валюталық курспен санап көрсек, бұл қомақты қаражат. Бұл қаражат баланың 1,5 жасқа толғанша 10 мың рубль жәрдемақы алуына, балабақша шығынын өтеуге, тұрғын үйге, білім алуға жұмсалады (Материнский (семейный) капитал 2010:2). Бала туу мен аналарға қолдау жасайтын мұндай әлеуметтік саясаттың деңгейіне Қазақстан әлі жете қойған жоқ. Біздегі жөргекпұлдың, бір жасқа дейін төленетін жәрдемақының деңгейі Ресейдегіден әлдеқайда төмен.

Сонымен қатар, көрші Ресейге қоныс аударушы қазақстандықтардың артуына олардың ұтымды көші-қон саясаты, көшіп келушілерді әлеуметтік қолдау бағдарламалары ықпал етуде.

Нақты айтар болса, Ресейде Федерациясының Президенті В. Путиннің бастамасымен және РФ Президентінің 2006 жылғы 22 маусымдағы № 637 Жарлығымен «Шетелдерде тұратын отандастарды Ресей Федерациясына ерікті түрде қоныс аударуына қолдау көрсету жөніндегі мемекеттік бағдарлама қабылданған (Путин, 2006: 1).

Бұл бағдарлама қысқаша «Отандастар» деп те аталады. Тіптен «Соотечественники» атты интернетте автоматтандырылған ақпараттық жүйесі қызмет етеді. «Отандастар» бағдарламасының мақсаты – шетелдердегі отандастардың Ресейге қоныс аударуын ынталандыру мен ұйымдастыру, аймақтарды әлеуметтік-экономикалық дамыту мен демографиялық мәселелерді шешу, әсіресе дамуы тұралай бастаған, даму үшін жұмыс күші мен адами капитал қажет аймақтарға басымдық беріледі. Мұндай аймақтар Ресейде Федерациясы үкіметінің 2013 жылғы 27 мамырдағы № 848-р Өкімімен айқындалған:

1. Бурятия Республикасы;
2. Забайкалье аймағы;
3. Камчатка аймағы;
4. Приморье аймағы;
5. Хабаров аймағы;
6. Амур облысы;
7. Иркутск облысы;
8. Магадан облысы;
9. Сахалин облысы;
10. Еврей автономды облысы.

Ал енді Ресей билігі тарихи отанына оралған, шеттен көшіп келген отандастарына қандай әлеуметтік кепілдіктер беруде? Қазақстандықтар неге Ресейге қоныс аударуға құмар болып отыр? Оның себептері:

- орналасуға арналған жәрдемақы беру (көтермелеуші жәрдемақы);
- болашақ тұрғылықты жерге көшіп баруға кететін шығынды өтеп беру;
- құжаттарды рәсімдеуге кететін шығындарды өтеп беру;
- Ресей азаматтығын алғанға дейінгі кезеңде еңбек немесе кәсіпкерлік табысы болмаған жағдайда ай сайын жұмыссыздыққа жәрдемақы төлеу (алты айдан артық емес).

Көшіп келген отандастарына орналасуға арналған жәрдемақы (көтермелеуші) екі кезеңде төленеді. Біріншісі – Ресейге көшіп келіп, келешекте тұратын жерге тіркелген соң төленеді, 150 мың рубль осы бағдарламаға қатысушының

жеке өзіне және 70 мың рубль оның әрбір отбасы мүшесіне төленеді. Екінші кезеңі – көшіп келіп, айқындалған басымдыққа ие аймаққа тіркеуге тұрғаннан кейін 18 ай өткен соң 90 мың рубль осы бағдарламаға қатысушының өзіне және 50 мың рубль оның әрбір отбасы мүшесіне тағы жәрдемақы төленеді. Бұл төлемдер ұзаққа созылмай, тиісті өтініш пен құжаттар мемлекеттік органдарға тапсырылған соң, 15 күннің ішінде төленеді. Мұндай саясатты жүзеге асырып отырған Ресей стратегиялық маңызды мақсатты көздеп отыр. Шетелдерден отандастарын елге жинау арқылы Ресей, біріншіден, демографиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, екіншіден, адами капиталдың саны мен сапасын арттыру үстінде.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, мынадай мәселеге назар аударғанымыз жөн. Қазақстан да кезінде «Нұрлы көш» бағдарламасын жүзеге асырып, оралмандарға квота бөліп, жәрдемақы төлеп, көші-қонды жандандырып еді. 2011 жылы Жаңаөзен оқиғасына оралмандар кінәлі деген мәлімдемеден соң, оралмандарды қолдау біраз уақыт тоқтатылды. Оралмандарға сотталмағаны туралы анықтама әкелу талабы қойылып, азаматтық алу қиындады. Ауыт Мұқибек бастаған қоғамдық белсенділердің, Абай кз, Қамшы кз сайттарының

қажырлы еңбегі арқасында бұл қиындықтарды еңсеруге мүмкіндік туды. Дегенмен, оралмандардың Қазақстанға бағытталған көші біраз іркіліп қалғаны рас. Халқының саны көп Қытай, Үндістан сияқты елдердің тәжірибесінен көріп отырғанымыздай, саннан сапа туындап, қазақтың «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығатынына» куә болып отырмыз. Бұл екі ел де қазір экономикасын да, білім-ғылымын да қарыштатып дамытуда. Сондықтан, Қазақстан да көші-қон саясатына серпін беріп, этникалық қазақ оралмандардың азаматтық алуын жеңілдетіп, әлеуметтік қолдауды жақсартқаны абзал.

Сонымен қатар, Қазақстандағы ана мен балаға төленетін жәрдемақылар, зейнетақы, жалақы, шәкіртақы сияқты көптеген әлеуметтік маңызы бар төлемдердің көлемін арттыру да өте өзекті болып тұр. Қазақстандағы ең төменгі жалақының деңгейі мен ең төменгі күн көріс деңгейі Ресейдегіден екі есе төмен екені де баршамызға мәлім. Мұның барлығы Ресейге қоныс аударушылардың көп болуына ықпал етуде. Демографиялық өсім, адами капиталдың саны мен сапасы әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалға тікелей байланысты. Елбасымыз межелеп отырған Қазақстанның рухани жаңғыруы мен төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамуға қол жеткізуіміз үшін біз демографиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен адами капиталды дамытудың арасындағы өзара байланысты үнемі естен шығармауымыз керек.

Әдебиеттер

- Айдапкелов Н. Қазақстан халқының саны қашан 19 миллионға жетеді? // <http://alashainasy.kz/alash/kazakhstan-halkyinyin-sany-i-kashan-19-millionga-jeted-103964/>
- Апсеитов Б. Из Казахстана уезжают инженеры, экономисты, врачи и учителя // <http://www.ktk.kz/ru/news/video/2017/11/16/84663>
- Бердіғалиева А.А. Қауіпсіздік мәселесінің теориялық аспектілері // <http://kisi.kz/kk/categories/geosayosat-zhane-halykaralyk-katynastar/posts/kauipsizdik-maselesinin-teoriyalyk-aspektileri>
- Дукеев Б. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігінің қамтамасыз етілу көрінісі // <http://www.sarap.kz/index.php/ru/rubikon/114-2013-05-22-05-21-43.html>
- Илеуова Г. Почему эмиграция из Казахстана растёт — мнения экспертов // <https://365info.kz/2017/04/pochemu-emigratsiya-iz-kazahstana-rastet-mneniya-ekspertov/>
- Киселева Т. 60% русскоязычного населения Казахстана — потенциальные мигранты — политолог // <https://365info.kz/2017/03/60-russkoyazychnogo-naseleniya-kazahstana-potentsialnye-migranty-politolog/>
- Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы Заңы // Егемен Қазақстан. – 1998 ж. 30 маусым. – 2 б.
- «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының № 527-IV Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527>
- Материнский (семейный) капитал // http://www.pfirf.ru/info/order/mother_fam_capital/
- Мустафаев Н.И. Миграционные процессы в Казахстане // <http://kisi.kz/ru/categories/politicheskaya-modernizaciya/posts/migratsionnyye-processy-v-kazahstane>
- Назарбаев Н. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан // http://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs

Назарбаев Н. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының Президентінің ел халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 2018 жылғы 10 қаңтар. – Б. 1-2.

Путин В. Государственная программа по оказанию содействия добровольному переселению в Российскую Федерацию соотечественников, проживающих за рубежом // https://xn--b1aew.xn--p1ai/mvd/structure1/Glavnie_upravlenija/guvm/compatriots

Садырова С. 35 тысяч человек уехало из Казахстана в 2017 году // https://bnews.kz/ru/news/s_yanvaryya_po_noyabr_2017_goda_v_kazahstan_pribilo_bolee_14_tis_chelovek

Султанов Б. Русские массово покидают Казахстан и переезжают в Россию // <http://новости-казахстана.ru-an.info>

References

Aidapkelov N. Qazaqstan khalqining sani qashan 19 millionga zhetedi? // <http://alashainasy.kz/alash/kazakistan-halkyinyin-sanyi-kashan-19-millionga-jeted-103964/>

Apseitov B. Iz Qazaqstana uezzhaut inzheneri, ekonomisti, vrachi I uchitelja // <http://www.ktk.kz/ru/news/video/2017/11/16/84663>

Berdigalieva A.A. Qauipsizdig maseslesining teorialiq aspektileri // <http://kisi.kz/kk/categories/geosayosat-zhane-halykaralyk-katynastar/posts/kauipsizdik-maseslesinin-teoriyalik-aspektileri>

Dukeev B. Qazaqstan Respublikasining Ultti qauipsizdigining qamtamasiz etilu korinisi // <http://www.sarap.kz/index.php/ru/rubikon/114-2013-05-22-05-21-43.html>

Ileuova G. Pochemu emigrasiya iz Qazaqstana rastet — mnenia ekspertov // <https://365info.kz/2017/04/pochemu-emigratsiya-iz-kazahstana-rastet-mneniya-ekspertov/>

Kisileva T. 60% russkojazychnogo naselenia Qazaqstana — potentsialnie migranti — politolog // <https://365info.kz/2017/03/60-russkojazychnogo-naseleniya-kazahstana-potentsialnye-migranty-politolog/>

Qazaqstanda khaliq sani 18 074,1 million adamga zhetti // <http://khabar.kz/kz/news/kogam-kz/item/93697-aza-standa-khaly-sany-18-074-1-mln-adam-a-zhetti>

Qazaqstan Respublikasining Ultti qauipsizdigi turali zang // Егемен Қазақстан. -1998 zhilgi 30 mausim. – Б. 2.

«Qazaqstan Respublikasining Ultti qauipsizdigi turali» 2012 zhilgi 6 qangtardagi Qazaqstan Respublikasining № 527-IV zangi // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527>

Mustafaev N.I. Migrasionnie processi v Qazaqstane // <http://kisi.kz/ru/categories/politicheskaya-modernizaciya/posts/migracionnye-processy-v-kazahstane>

Materinski (semeini) kapital // http://www.pfrf.ru/info/order/mother_fam_capital/

Nazarbaev N. Tortinshi onerkasiptik revoliusia zhagdaindagi damuding zhanga mumkindikteri. Qazaqstan Respublikasining Prezidenti N. Nazarbaevting Qazaqstan khalkina Zholdaui // Егемен Қазақстан. 2018 zhilgi 10 qangtar –Б. 1-2.

Nazarbaev N. «Qazaqstan-2050» Strategiasi qaliptasqan memleketting zhanga sajasi bagiti // Qazaqstan Respublikasining Prezidenti - Elbasi N. Nazarbaevting Qazaqstan khalqina Zholdaui, Astana q., 2012 zhilgi 14 zheltoqsan // http://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs

Putin V. Gosudarstvennaja programma po okazaniu sodeistviya dobrovolnomu pereseleniu v Rossiskuju Federasiyu sootchestvennikov, prozhivaushikh za rubezhom // https://xn--b1aew.xn--p1ai/mvd/structure1/Glavnie_upravlenija/guvm/compatriots

Sadirova S. 35 tisjach chelovek uekhalo iz Qazaqstana v 2017 godu // https://bnews.kz/ru/news/s_yanvaryya_po_noyabr_2017_goda_v_kazahstan_pribilo_bolee_14_tis_chelovek

Sultanov B. Russkie massovo pokidaut Qazaqstan I pereezzhaut v Rossiu // <http://новости-казахстана.ru-an.info>